Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 желтоқсандағы N 150аи қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 34-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта :

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 480 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес іс-шаралар жүргізу. Саны 105 бірлік 4 атаулы қару-жарақты, 200 000 бірлік оқ-дәрілерді, саны 1 бірлік КАМАЗ автомашинасын, саны 658 бірлік 10 атаулы арнайы криминалдық техникаларды, саны 1012 бірлік 13 атаулы байланыс құралдарын, саны 2 бірлік арнайы орындаудағы ноутбукты, саны 2 бірлік телефондардың нөмірлерін анықтауға және тіркеуге арналған құралды, саны 1 бірлік дербес компьютерді блоктауға арналған құралды, саны 2 бірлік ақпаратты қашықтықтан оқу бұйымын, саны 2 бірлік ақпаратты есте сақтауға және қашықтықтан оқуға арналған бұйымды сатып алу. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің кадрлық құрамын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру; авиатехниканың қаруландыруындағы жөндеу-регламенттік жұмыстар, елімізден тысқары жерлерге қызметтік іссапарлар, шарт бойынша заңды тұлғаларға қызметтер көрсету, оның ішінде банктік қызметтер көрсету, кедендік ресімдегені үшін кеден алымдары, ТМД-ның әуе кеңестігін пайдаланғаны үшін ақы төлеу, мемлекеттік баж, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер";

көрсетілген қаулыға 36-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта :

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Штаттық саны 3973 бірлік шегіндегі тергеу изоляторларын ұстау. Тергеу

изоляторларының қызметін азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, заттай мүліктермен, арнайы жабдықтармен, жұмсақ мүкәммалмен, жанар-жағармай материалдарымен, тауарлы-материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету, тергеуге қамалған адамдарды құжаттауды жүзеге асыруға байланысты шығыстарға ақы төлеу, оның ішінде мемлекеттік баж және суретке түсіру жөніндегі қызметтер көрсетуге ақы төлеу бойынша шығыстар. Арнайы техникалық құралдар мен ерекше жабдықты сатып алу: жасырын бейнебақылау жүйелері - 18 жиынтық, жасырын аудиобақылау жүйелері - 18 жиынтық; 9 мм Макаров тапаншалары - 13 бірлік, МТ патрондары - 653 бірлік, 7,62 мм патрондары - 300 бірлік, 5,45 мм патрондары 2330 бірлік, 9 мм патрондары - 2153 бірлік, "Черемуха-10" бұйымдары - 89 бірлік, қорғаныс жилеттері - 27 бірлік, шлемдер - 28 бірлік, жедел байланыс станциялары - 4 бірлік, алып жүретін радиостанциялар - 57 бірлік, УҚТ стационарлық радиостанциялары - 10 бірлік";

көрсетілген қаулыға 42-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

5-бағанда: "(орналасқан күзет орындарының саны: Астана қаласы - 21, Алматы қаласы - 123)" деген сөздер "(орналасқан күзет орындарының саны: Астана қаласы - 23, Алматы қаласы - 122, Орал қаласы - 2)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 48-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

5-бағанда: "1000000" деген сандар "7788319" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 55-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген бағанда:

"760 250" деген сандар "1 029 595" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 57-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

5-баған "дизельэлектрстанциялары - 2 бірлік, суырмалы шкафтар - 14 бірлік." деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 58-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген бағанда:

"жарылыс қаупі бар заттарды жоюшы - 26 бірлік," деген сөздерден кейін "

радиожарғыштарды қашықтықтан блоктағыш (алып жүретін) - 5 жиынтық, YOX - қосу гарнитур жүйесімен УҚТ радиостанциялары - 23 жиынтық" деген сөздермен толықтырылсын;

"кеден алымдарына ақы төлеу, ҚҚС және кеден рәсімдерін ресімдеу жөніндегі қызметтер көрсету." деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 59-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Байланыс жабдықтарын сатып алу: ғимараттарға телефон орнату - 1 жүйе, Коралл телефон станциясы - 1 жиынтық, компьютерлік желінің пассивті жабдығы - 1 жүйе, белсенді желілік жабдық - 1 жүйе, радиостанцияларды УҚТ қашықтықтан басқару жүйесі - 1 жүйе, "Шорох-1" виброакустикалық қорғаныс жүйесі - 1 жүйе, МП үлгісіндегі сымды коммуникацияларды қорғау құрылғысы - 150 бірлік, "ГШ-К-1000" шу генераторы - 22 бірлік, ФСПК-40 желілік кедергі жоюшы фильтр - 3 бірлік, ФСП-3Ф-10А желілік кедергі жоюшы фильтр - 20 бірлік, белсенді ВЧ ТВ жүйелік жабдығы - 1 жиынтық. Орталық аппараттың сымдық байланысының телекоммуникациялық желісін инсталляциялауды және кеңейтуді ескере отырып, орталық аппаратының құрылымды кабель желісін кеңейту. Саны 15 дана 3 атаулы құрылымды кабель желісіне арналған UTP кабель өнімі (қорабы 300 м), саны 465 дана 2 атаулы құрылымды кабель желісіне арналған коммутациялық розетка (1 портты, қабырғадағы), саны 717 дана 4 атаулы құрылымды кабель желісіне арналған жалғаушы бау, саны 27 дана 1 атаулы құрылымды кабель желісіне арналған коммутациялық тақта, 320 портқа құрылымды кабель желісіне арналған сканер - 1 дана, саны 60 дана 3 атаулы құрылымды кабель желісіне арналған аксессуарлар, саны 3750 метр 2 атаулы құрылымды кабель желісіне арналған кабель арнасы, саны 30 дана 2 атаулы кабель арнасына арналған аксессуарлар, 8 талшықты оптикалық кабель - 2000 метр, саны 30 дана оптикалық кабельге арналған аксессуарлар, шкафқа арналған "пилот" үлгісіндегі құрылғы, саны 2 дана 5 розетка, саны 2 дана белсенді желілік жабдық (48 портқа арналған жұмыс топтарының коммутаторы), белсенді желілік жабдыққа арналған үздіксіз қоректендіру блогы - 2 дана, 30 абоненттік желінің енгізу/шығару шеткі мультиплексоры - 2 дана, саны 34 дана 4 атаулы 30 абоненттік желінің енгізу/шығару шеткі мультиплексорына арналған аксессуарлар, енгізу/шығару мультиплексоры - 2 дана, енгізу/шығару мультиплексорына арналған аксессуарлар - 2 дана, оптикалық-талшықты кабельдің конверторы - 2 дана, саны 82 дана 10 атаулы құрылымды кабель желісін жұмыс істетуге арналған қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, монтажды-инсталляциялық жұмыстар.

Жиһаздарды сатып алу: саны 1147 бірлік 9 атаулы үстел, саны 331 бірлік 6 атаулы кресло, жартылай жұмсақ орындық - 1000 бірлік, жұмсақ орындық - 14 бірлік, саны 657

бірлік 8 атаулы шкаф, киім ілетін орынға арналған тік ілгіш - 12 бірлік, басшы жинағы - 15 жиынтық, демалыс бұрышы - 15 жиынтық, кілем төсеніштері - 1000 метр, портьер ( жартылай перделер, перделер) - 200 жиынтық, саны 10 бірлік 3 атаулы тұрмыстық техника, офистік жиһаз - 10 жиынтық, саны 6 бірлік 3 атаулы тумба, 44 шаршы метр кірден қорғайтын жабуын, 116,25 шаршы метр желбезектер, жасанды гүлдер.

Түтікті, ВЧ кабельді және кабельді сым орамдарын монтаждау, ғимараты радиофикациялау; ғимараттарда радиобайланыстың антенналық- фидерлік және аппараттық кешенін монтаждау; Коралл телефон станциясын шығаруды монтаждау; авариялық электрмен қоректендіру агрегатын монтаждау; құрылымды кабель желісін монтаждау; белсенді жетілік жабдықты монтаждау; байланыс жүйелерін қорғауға арналған компьютерлерді сертификаттау";

көрсетілген қаулыға 61-қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі департаментінің Кинологиялық орталығын салу және қайта жаңарту";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақта:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Кинологиялық орталық бойынша жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстары";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Кинологиялық орталық бойынша жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау - құрылыс басталғаннан бастап сметалық құнның 16,5 %".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК